

## Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/18-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 сәуірде № 47-18 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 569-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 болып тіркелген), Абай облысы мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай облысы мәслихатының төрағасы*

*К. Сулейменов*

Абай облысы мәслихатының  
2023 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 2/18-VIII шешімнің  
қосымшасы

## Абай облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Абай облысы мәслихатының 13.12.2023 № 11 /84-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Арнаулы су пайдаланудың түрі (өлшем бірлігі)						
Өзендер, көлдер бассейні	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық	Өнеркәсіп жылу энергетикасы н қоса	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 текше метр)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашы-лық	Су энергетика (теңге/1000 киловатт-сағат)	Су көлігі (теңге/1000)

	кызметтер (теңге/1000 текше метр)	(есептегенде (теңге/1000 текше метр)		тары (теңге/1000 текше метр)		тонна-километр)
Ертіс өзенінің бассейні	181,45	521,31	146,89	146,89	54,73	20,16
Балқаш және Алакөл көлдерінің бассейні	167,05	460,83	132,49	126,73	48,97	14,40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК